

**В НОМЕРЕ:**

**2**

**ЗНАМЕНИТЫЙ  
ЗЕМЛЯК**

**9**

**КУЗГИ СЭН**

**15**

**МЫ –  
ВОЛОНТЕРЫ**

ГАЗЕТА  
ПАВЛОДАРСКОЙ  
ОБЛАСТНОЙ  
ДЕТСКО-ЮНОШЕСКОЙ  
ОРГАНИЗАЦИИ

**№ №19-20**

(326-327  
от 31 октября  
2020 года

**сенің әлемін**





№19-20

(326-327)

от 31 октября  
2020 года

## Мое любимое блюдо

Главное в воспитании человека - нравственная связь родителей с ребенком. Самая естественная и самая необходимая из всех обязанностей родителей - это относиться к ребенку в любом возрасте внимательно и с любовью. Семейное воспитание - это главная ценность воспитания в жизни учащегося. И поэтому нашей школе по областному проекту семейного воспитания «Family day» в рамках дня семьи Республики Казахстан среди учащихся 1-4 классов был проведен конкурс «Мое любимое блюдо». В нем приняли участие учащиеся школы совместно с родителями. Участники конкурса - Даулетпек Инжу (1 «а»), Галиева Адия (1 «а»), Щербак Виктория (1 «б»), Даулетпек Каусар (2 «а»), Даукенова Аружан (2 «б»), Тулеков Хаким (3 «а»), Гаупт Полина (3 «б»), Қасан Дилжара (4 «а»), Зейнолла Жандос (4 «а»), Гаупт Алина (4 «б»).

Для участия в конкурсе дети должны были снять видеоролик, сделать фото или нарисовать рисунок любимого блюда. Все дети выбрали свои самые любимые блюда, и готовили их от всей души. Особенно хочется отметить наших юных участников, которые не смотря на свой возраст помогают мамам на кухне. «Мальчики



тоже умеют готовить», - так выразился наш участник Тулеков Хаким, который считает своим любимым блюдом панкейки. Работы детей загрузили в инстаграм страницу школы, и оценивали количеством набранных лайков. По итогам конкурса 1-место заняла Даукенова Аружан 2 «б» класс; 2-место – Щербак Виктория 1 «б» класс; 3-место – Тулеков Хаким 3 «а» класс. Победители были награждены грамотами, а остальные участники получили разные номинации. Мы благодарим всех участников конкурса, желаем огромного здоровья, успехов в учебе и, конечно же, чтобы их семьи были самыми счастливыми.

**Алибаева Б.А.,  
завуч по ВР  
Береговая СОШ,  
района Теренкол**



## Душа поэта

В 3 «В» класс СОШ №39 прошёл конкурс стихотворений собственного сочинения. Не случайно говорят, что в стихах живёт душа поэта... Мы постарались высказать своё отношение к замечательной поре – золотой осени. Данил посвятил стихотворение самому родному человеку - любимому папе.

И вот, что у нас получилось.

### Вкусная осень

Осень наступила-  
Вкусная пора!  
Яблоки и груши

Собирает детвора.  
Урожай убрали.  
Золотой порой.  
Будет хлеба много  
Этой зимой.

**Тлектес Діңмухаммед**

### Золотая осень

Осень! Ты – красна.  
Красива как роса...  
Всё позолотила  
И радость принесла!

**Колмогоров Тимофей**

### Осенняя пора

Наступила осень.  
Стало холодат.  
Птицы улетели  
К солнышку опять.  
Ну а мы остались  
Зиму зимовать.  
Радоваться снегу,  
Новый год встречать!

**Аюйхан Амира**

### Осень

Осень красит листья  
Разными цветами.  
Улетают птицы  
В тёплые края.  
Листья кружатся

И шуршат под ногами.  
И становится прохладней  
В утренние часы...

**Рудницкий Клим**


### Мой папа

Протяни мне руку,  
Обними меня!  
Если мы в разлуке,  
То скучаю я.  
Протяни мне руку,  
Будь всегда со мной!  
Два надёжных друга-  
Я и папа мой!

**Шиковский Данил**



## Моя любимая бабушка



Моя бабушка Галина Никифорова всю жизнь проработала в торговле. Она была товароведом, директором хозрасчета. Сейчас она на пенсии.

Я многому учусь у моей любимой бабушки. Вместе мы выращиваем цветы, ухаживаем за огородом, собираем яблоки и делаем заготовки на зиму.

В нашей семье традиция: каждый праздник мы собираемся у бабушки. Я люблю с ней печь пирожки и смотреть телевизор за чашечкой чая.

С моей бабушкой никогда не бывает скучно. У неё много книг, она научила меня читать и любить книги. Она веселая и трудолюбивая.

**Белова Кристина  
СОШ№43, г.Павлодар**

## Знаменитый земляк



Живет в нашем городе человек, страстно влюбленный в Павлодар, реку Иртыш и природу родного края. Это поэт Виктор Семерьянов, с творчеством которого нас познакомила Татьяна Сергеевна Корешкова. Она рассказала нам, что Виктор Гаврилович живет и работает в Павлодаре более 60 лет. Стихи Виктора Гавриловича публиковались в областных и республиканских газетах и журна-

лах. Он имеет 12 авторских поэтических изданий. Есть и переводы казахских поэтов. Мне очень понравилось его обращение к Иртышу, а «Сказ о Павлодаре» - это путешествие по истории родного города, знакомство с творческими людьми, которых поэт называет вольными цветами и мечтает собрать всех вместе на праздник «вольных цветов».

Я думаю, что нам надо учиться у В.Семерьянова замечать все красивое вокруг, ценить людей, беречь природу, чтобы мы могли с гордостью сказать: «Это мой Павлодар!»

**Осипова Елизавета, 7 «Б»  
СОШ№43 г.Павлодар**



## Интервью с Лобановой Анной Сергеевной, учителем начальных классов

-Здравствуйте, Анна Сергеевна! Мы - корреспонденты школьной газеты. Можно ли задать вам несколько вопросов?

-Здравствуйте, да, конечно!

-Кем Вы мечтали быть в детстве?

-Я мечтала быть учителем.

-Как Вы учились в школе?

-Я была отличницей до 8-ого класса, потом появились четверки.

-Были ли у Вас неудовлетворительные оценки в школе?

- Были иногда, я очень плохо рисую.

-Какие уроки были у Вас самые любимые?

-Математика, физкультура.

-Почему Вы предпочли именно эту профессию?

-Потому что для меня был примером мой учитель начальной



школы, и я хотела ей подражать.

-Что больше всего Вам нравится в Вашей работе?

-Мне нравится следить за ре-

зультатом. Когда приходят маленькие детки, которые ничего не умеют, и что из них получается.

-Что, на Ваш взгляд, самое трудное в профессии учителя?

-Найти индивидуальный подход к каждому ребенку и вложить максимум в него.

-Как Вы поступаете с учениками, которые отличаются плохим поведением?

- Даю им ответственное поручение в классе, чтобы эти ребята стали организаторами какой-либо деятельности. Этот метод всегда выигрышный! Ученик чувствует ответственность и раскрывает свой потенциал.

-Как Вы повышаете интерес и мотивацию ваших учеников?

- Прежде всего, через интеллектуальную и творческую работу с детьми. Ученики начальных

классов – большие активисты в олимпиадах разного уровня! И я очень горжусь победами своих учеников!

-О чем Вы мечтаете?

-Выспаться. Я мечтаю выспаться.

-Что Вы пожелаете своим коллегам накануне праздника?

-Коллегам я пожелаю, чтобы они в суе рабочих дней не забывали о своих близких, видели все прекрасное, которое находится рядом и радовались жизни, несмотря ни на что.

-Спасибо Вам! До свидания!

-До свидания!

**Пресс-центр – Соромотин Михаил и Цысь София, 7В класс Школа-лицей № 8 для одаренных детей**

Учитель! Какое прекрасное слово.  
Оно нашей жизни и свет и основа.  
Сияет для нас путеводной звездой,  
И в мир новых знаний ведет за собой.

Учитель! Какое высокое слово!  
Его повторяем мы снова и снова.

Наш старший товарищ, наш искренний друг.

Он – ключ, открывающий кладезь наук!

Учитель - это самая древнейшая и самая важная профессия для всех нас. И сегодня, в День учителя, мне особенно хотелось



бы поздравить и поблагодарить всех учителей нашей школы! Поблагодарить за то, что отдаете свои знания и мудрый жизненный опыт каждому из нас не меньше не больше. Что всегда находите именно те слова, которые нам так надо услышать. Спасибо за то, что деликатно исправляете наши ошибки, указываете верный путь.

Что дарите нам самое ценное, что у вас есть: доброту, любовь и ласку. Что всегда приходите на помощь и знаете, как успокоить, помочь и подбодрить каждого из нас.

Спасибо Вам, учителя! Я поздравляю Вас с праздником и желаю Вам быть как можно счастливее! Я желаю Вам также удачи, здоровья и самых лучших в мире учеников.

Особую благодарность хочется выразить учителю математики и классному руководителю – Ержаниной Наталье Владиславовне. Математика – наука точная. Надо много упорства и труда, чтобы нам объяснить все это, и мы за это благодарим вас всегда. Все эти корни квадратные, логариф-

мы, уравнения можем мы учить только с Вами. Восхищаюсь Вашим вдохновением! Желаю не потерять беззаветную любовь к своим ученикам и оставаться преданной своей профессии!

День учителя! Праздник в школе.

Все ребята несут цветы.  
Ну, а я, притаившись за партой,  
Потихоньку пишу стихи.

Я не знаю пока, кем я буду.

Но запомню я навсегда,

Что учитель – профессия

нелегкая!

Сколько нужно добра и тепла!

**Фредина Ангелина,**

**5 «А» класс,**

**Школа-лицей №8**



**для одаренных детей**

**г.Павлодар**

### 18 октября – День духовного согласия

**Наши лицеисты, педагоги и родительская общественность отметили праздник - День Духовного согласия. Этот праздник пропагандирует духовность, нравственность и толерантность во всем мире. К этому дню лицеисты начальных классов нарисовали красивые рисунки.**

**Школа-лицей №8 для одаренных детей г.Павлодар**





№19-20

(326-327)

от 31 октября  
2020 года

Биылғы химия және биология онкүндігі басқа жылдарға қарағанда өзгеше өтті. Қашықтықтағы оқуға байланысты іс-шаралардың барлығы онлайн форматта өтті. Бұрынғыдай балалар қызыға да, шулап орындайтын ойындар мен жанкүйерлер болған жоқ. Сондықтан да жаратылыстану-математикалық бағыттағы мұғалімдердің алдында балалар бойынша табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін ұялату, қоршаған ортаның құндылықтарын сақтау, заманауи технологияларды қолдану мақсаттары жатты. Барлық балалар біз күткеннен де мықты болып шықты. 6 «б» сынып оқушысы Васякова Дарья «Табиғат туралы өлең жолдары» байқауының жеңімпазы атанды. Тақырыптық бейнероликтер төмендегі марапаттарға толы болды: 5



«б» сынып оқушылары Кусаинова Алина, По-зрезнюк Алла және Мосияш Ева 1 орын, дөрүменге толы салаттар құрамын ашқан Иманжанова Самира 5 «а» сынып және Кабиден Айымгуль 5 «а» 2 орын алды.

Берикбол Өзгеріс 5 «а» сынып және Махамбет Аймарал 9 «а» сынып 3 орынды иеленді.

Қолдан жасалған, аппликациялардан орындалған байқауда Қанатбек Алишер 8 «а» сынып ерекшеленіп, жеңімпаз атанды.

Жеңімпаз атанға әр оқушы сыйлықтар мен грамоталармен марапатталады.

5-6 сынып оқушылары «Менің сүйікті үй жануарларым» байқауы фото немесе коллаж түрінде өтті. Жеңімпаз ретінде ерекше танылған Антропова Алина 5 «б» сынып 5 мысықтың иесі танды, 2 орын – Мингалев Александр 6 «б» және Махамбет Ахад 5 «а», 3 орын – Шевченко Анастасия 5 «в» сынып және Михайлов Максим 5 «в» иеленді.

7-11 сынып оқушылары «Күзгі пейзаж» тақырыбында байқауға қатысты. Мұнда оқушылардың ұялына шек жоқ екенін байқадық. Кенжебаева Дильназ 11 «а» – 1 орын, Багадатов Самат 10 «а» және Махамбет Аймарал 9 «а» – 2 орын, Бейсембенова Дильназ 11 «а» және Штенгауэр Снежана 7 «б» – 3 орын.



Оқушылардың басым бөлігіне «Табиғат туралы өлең жолдары» видеобайқаулар және сабақтағы қауіпсіздік техникалары туралы бейне роликтер дайындаған ұнады.

**Селиканова Кокенай**  
**Мичурин ОЖБМ биология**  
**пені мұғалімі**

## Есентай Ерботин оқулары өтті



Қазақ балалар әдебиетінің белгілі ақыны, жерлесіміз Есентай Ерботиннің биыл 80 жылдық мерейтойы.



иергерлері : Мякотина Татьяна 3 «е», Асылболатова Малика 3 «и» III орын иергерлері: Ливандовский Матвей 2 «в», Алға Кәрім 2 «в», Мельникова Доминика 2 «г» сынып оқушылары болды. Жақсы өнер көрсетіп байқауға белсенді қатысқан оқушылар Әкімтай Амина 4 «ж», Уалиева Ясмин 3 «б», Мукашева Айлин 3 «и», Қабиден Асанәли 2 «м», Нечепаренко Полина 3 «е», Биянова Мария 2 «в» сынып оқушылары алғыс хатпен марапатталды.

**Мұхтар Әуезов атындағы ЖОМ**  
**Қазақ тілі мен әдебиеті**  
**мұғалімі:**  
**Абильденова Н.К.**

Жерлесіміздің шығармашылығын насихаттау мақсатында Мұхтар Әуезов атындағы ЖОМ-де дәстүрге сай онлайн форматта мектепшілік «Есентай Ерботин

«Көркем сөз оқу» өнер сайысына 16 талапкер бақтарын сынады. Сайыс жеңімпаздары 2-4 сынып оқушылары арасынан Ерботин оқуларының жеңімпазы, жас шеберлердің жіберген видеосы арқылы анықталды. Олар:

I орын Қабдрахман Ғалымжан 4 «ж» сынып оқушысы, II орын

## Менің болашақ мамандығым



Мен болашақта журналист болғым келеді. Халықпен бірге тыныстап, елімізде болып жатқан жақсылықтың жаршысына еліме бірінші алып келуге армандаймын. Менің ойымша, бұл мамандықтың қыр-сыры өте көп. Бұл мамандық әдеби тілді, сауаттылықты қажет етеді деп түсінемін. Өзімді шындау үшін мен кітап оқығанды

ұнатамын. Дәл осы мамандықты таңдау үшін адамға асқан ерлік керек. Иә, жүректегі батылдықты талап ететін журналистика мамандығы маған өте қызық болып тұр. Қазір мен бастауыш сыныпта оқысам да болашақта журналист болсам, халқыма адал қызмет етемін. Адал қызмет ету үшін адал оқимын. Арманым жету үшін аянбай тер төгемін. Білікті де білімді мамандықтардың қатарында болу үлкен арман.

**Елдана Ержан,**  
**Б.Момышұлы ат.ЖОББМ**  
**4 сынып**

## «Белая Ладья» шахмат турнирі өтті



10 қазанда Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған «Белая Ладья» шахмат турнирінің «Ұлттық мектеп лигасының» облыстық кезеңі өтті. Турнир нәтижесінде Лицей командасы жалпы командалық есеп-

те 2-орынды жеңіп алды. Біздің шахматшылар тағы да мәртебелі «Ұлттық мектеп лигасы» шахмат турнирінің жеңімпаздары атанды! Нәтижесінде жеке сайыста 1 орынды 2 «ө» сынып оқушысы Ахмет Сулейман және 3 жүлделі орынды – 7 «б» сынып оқушысы Аружан Негмат иеленді. Бұл

турнирде оқушылар мен лицей командасы өте жақсы өнер көрсетті. Біз тек жаңа жеңістерді күтеміз!

**«Дарынды балаларға арналған №8 мектеп – лицейі» ММ**

## Біз бақытты отбасы



Атамнан басталар,  
Әжемнен қосталар  
Отбасым мынылар:  
Ең жақын адамдар-  
Әкем мен анам бар,  
Бір туған ағам бар,  
Бәрін жақсы көремін,  
Еркелеймін, еремін!  
Отбасым менің -  
бақытым  
Отбасым менің -  
шаттығым  
Отбасым барда  
ешқашан  
Үзілмес менің  
үмітім.

**Нурғалиева Аружан**  
**ЖОМ №37**  
**6 «б» сыныбы**



№№19-20

(326-327)

от 31 октября  
2020 года

Халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық — ұлық емес, ұлы қызмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» деген. Ендеше өз ісіне беріліп, жаңалықты жатсынбай қабылдап, шәкіртінің жанына нұр құйып, өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деген мақсатқа өмір жолын арнаған ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек. Осындай жолы мен жөні бөлек аяулы ардагер ұстаздарымыз – шәкірттерінің мақтанышы ғана емес, бүкіл ел мақтанышы! Сонымен қатар білім ордасында тер төгіп, зейнетке шыққан ардагерлерімізге алғысымыз шексіз.



Құрметті, Смагулова Майкен Қалымқызы, Байбусинова Куляш Бостанқызы, Жангазинова Гульбану Бикенқызы, Жаркова Евгения Евгеньевна, Жексембина Шакира Қайырқызы, Жанжаксина Сәуле Қалымқызы, Кенжебаева Светлана Құзайырқызы, Қусаинова Алма Абиқенқызы, Кітапбаева Бахытжамал, Қылышбекова Толқын Оразбекқызы, Қыпшақбаева Ләйлә Қыпшақбайқызы, Лытарь Анна Петрқызы, Мукушева Радиса Сейтқұлқызы, Нургазина Қарлығаш Жумабекқызы, Оразбекова Батай Оразбекқызы,

Өтегенова Дәнегүл Орынбекқызы, Прохорова Любовь Николайқызы, Садвакасова Орынбасар Нұргелдіқызы, Салқимбаева Гульбарам Марданқызы, Арынгазина Сауле Жұманқызы, Тюменбаева Гүлнар Оралбекқызы, Шайкенова Күләш Ғизатқызы, Шөлкебаева Кенжекен Шөлкебайқызы, Арынгазина Сатыма Дюсенқызы, Баймульдина Алма Уахитқызы, Рахимжанова Әминә Саттарқызы, Қылышбекова Айтжамал Оразбекқызы, Сұлтанова Сәуле Қайыркенқызы, Темирова Нұржамал Кинатқызы, Жолдыбаева Алтын Тұяққызы, Арынова Сәуле Зайкенқызы, Ахметова Ақмарал Вахитовна, Жусупова Алтын Ахметжанқызы, Балықбаева Мүгүлсім Балықбайқызы. Ұрпақ тәрбиелеу жолындағы толымды еңбектеріңізге шың пейілмен алғысайта отырып, «Қарттар күні», «Ұстаздар күні» мерекелерімен

сіздерді құттықтаймыз. Сіздердің ұзақ жылдар бойы үздіксіз еткен зор еңбектеріңіз-саналы ұрпақ тәрбиесінде алар орны ерекше, кейінгі жас буынға үлгі-өнеге болды. Сондықтан сол талғаусыз еңбектің жемісі ретіндегі бүгінгі зейнет жастарыңыздағы ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуаныштарыңыз молынан болып, немере-шөберенің қызығына тоймай ақ жаулықты Ана бақытына бөленулеріңізді тілейміз! Жүздеріңіз күндей күлімдеп, жүректеріңіз жаздай жайнасын, жанарларыңыздан әрдайым нұр себелеп, жандарыңыз шаттыққа кенелсін демекпіз. Отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілейміз!

**Тілек білдірушілер:**  
**Қ. Бекхожин атындағы жалпы орта білім беру мектебінің ұжымы және мектеп түлектері**

## Қарттарым – асыл қазынам

«Жақсы қартайса, жазып қойған хаттай, жаман қартайса, бықсып жанған оттай»- деп қазақ халқы бекер айтпаса керек... Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, өзінен кейінгі ізіне ерген інілеріне ізеттігін аямайтын, ізінен ерген ұрпағына ұлылығын ұялатып, бір қауымға бас - көз бола білген қарттарымыздың орны ерекше. Неткен шіркін уақыт десеңші, осылайша ортамызда жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан- жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда.



Қазақстанның өсіп- өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептеймін. Міне, енді қарттар күні саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын аға-

апаларымыздың төл мерекесі болып еептеледі. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына болып саналады. Оқушылардың бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу мақсатында Екібастұз қаласы, №36 мектеп-лицейінде 1 «ә» сыныбында «Қарттарым – асыл қазынам» атты тақырыбында тәрбие сағаты болып өтті. Тәрбие сағаты «Менің ата-әжем мақтанышым» мақтау сөздермен бастау алды. Сабағымыз «немере» екен тәтті екен» оқушылардың ата - әжелеріне деген жыр шумақтары;

«ата – әжем мақтанышым» ой толғау; «мен атамның жалғасымын» жеті атасын айттып беру сияқты бөлімдерінен тұрды. Қазақтар – «Төріңнен қарт кетпесін» деп тілеген халық. Жасы үлкенге құрмет ету, қарттың бүгілген бөліне сүйеу болу – біздің ата дәстүріміз. Өзіңді өмірге келтірген, тіршілігіңе нәр берген ата-ананың алдында адамның парыз-міндеті өлшеусіз... Тәрбие сағатымыз Мұқағали Мақатаев атамның «Бабаларым, рахмет сендерге!» әдемі өлең жолдарымен тәмамдалды.

**Екібастұз қаласы  
№36 мектеп-лицейінің  
бастауыш сынып мұғалімі  
Багисова Жансау**

## Ұстаз-құдіретті ұғым

Ұстаз - жас ұрпақтың рухани сәулеткері, қоғам, халық өзінің үміті мол болашағын тапсырытын сенімді өкілі. Олар сол сенімді ақтай отырып, зерделі де зерек, парасатты, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бойына дарытқан тұлғаларды тәрбиелеуде.

Сонымен ұстаз деген кім? Әр адам оны әрқалай түсінеді. Мен үшін ұстаз бейнесі - шәкірт үшін адамгершіліктің ең жоғары үлгісі. Ұстаздың лаулаған жалыны - әр жүрекке жылу сеуіп, нұр құятын қуаттың, өмірдің қайнар көзі. Ұстаз - өзінің бар күшін, бүкіл өмірін бала тәрбиесіне береді. Сол себепті ұстаз болу - екінің бірінің қолынан келмес. Осы мамандық

үшін үлкен жауапкершілік керек. Ұстаз бала алдында өзінің жүріс тұрысымен, киім киісімен, сөйлеу шеберлігімен, дауыс ырғағымен яғни барлық жағынан үлгі болуы қажет. Ата-анамыз бізді балалалықшақтан бастап жүріп-тұруға, оқуға, санауға үйретеді, бірақ бұл білім мен дағдылар жеткіліксіз. Сондықтан бізді мектепке жібереді, сол жерде біз білім алуды жалғастырамыз, бірақ тереңірек біз жаңа достар тауып, қажетті қарым-қатынас дағдыларын аламыз және алғашқы мұғаліммен танысамыз. Мен он жылдан бері мектепте оқимын және алғашқы күнімді әлі есімде сақтаймын. Қазір мектепті өз үйім деп санаймын.



Алғашқы күннен бастап ұстаздар маған білім және көп уақыт берді, жеңістеріме сенімділік ұялатты. Ал қазір мен менің мұғалімдерімнің арқасында түрлі сайыстарда мен олимпиадаларда орын аламын. Сол үшін мен ұстаздарыма дән ризамын. «Адамның адамшылығы - жақсы ұстаздан» деп ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі оқушының болашақ

азығы. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы анық. Ұрпақ болашағы қазіргі ұстаздардың қолында. Тұңғыш президентіміз айтқандай: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр». Сондықтан, ұстаз болу – жүректің батырлығы деп бағалауға болады.

**Балықова Дарья  
«Дарынды балаларға арналған  
№8 мектеп-лицейі» ММ  
10»А» сынып**

## Ұстаз – деген ұлы тұлға



Ұстаз! Оның ұлылығы мінез-құлқында, адаммен қарым-қатынасында, баланың балалығын қабылдай білетін жылы жымысында, әрбір іс-әрекетінде жатқан жоқ па? Ұстаз – біздің екінші анамыз. Анамыз бізге өмір сыйлап,



өмір-өзен ағысында батыл қадам басып кетуімізді арман етсе, ұстазымыздың арманы да осы емес пе? Жылдың 364 күнінің 270 күнін ұстаздарымыздың жанында өткіземіз. Олардың тәлім мен тәрбиесіне қанығамыз, «ғылым»

атты асау тұлпарды жүгендеуді де осы ұстазымыздан үйреніп-білеміз. Көзімізді тырнап ашып, алтын ұя-мектебімізге шауып келгенде, бірінші көретініміз де осы – ұстазымыз. Әсіресе, ұстардың ішінде сынып анасының, яғни сы-

нып жетекшісінің еңбегі елеулі. Сынып жетекшісі ол тек білім теңізінде жүзетін кемелің капитаны ғана емес, ол оқушының танометрі іспетті. Әр оқушының мінез-құлқын жетік меңгерген, әр ата-ананың тілін тап баспай табатын ұлы тұлға. Менің ұстазымнан үйренгенім де, үйренетінім де көп. Шәкірттік өмірде осындай ұстаздың алдын көргенім үшін қуанамын.

**Байжанова Дария  
«Дарынды балаларға арналған  
№8 мектеп-лицейі» ММ  
7 «А» сынып оқушысы**



## ҚҰШАҚТАСУДЫҢ ПАЙДАСЫ



Соңғы рет қашан ата-әжеңіздің мойнына асылып, балаңыздың маңдайынан сүйіп құшақтадыңыз? Ал туған-туысқан, құрбы-құрдастарыңызды ше? Ал оның пайдасы туралы білесіз бе?

Құшақтасудың сіз бен біз біле бермейтін пайдасы мол. Зерттеулер нәтижесі, құшақтасудың тек адам психологиясына әсер етіп қоймай, мұнымен қатар денсаулығын қалпына келтіретіндігін анықтап отыр.

Вирджиния Сатирдің айтуы бойынша, күнделікті қалыпты өмір сүру үшін 4 рет, жақсы өмір сүру үшін 8 рет, өте жақсы өмір сүру үшін 12 рет құшақтасуымыз керек екен. Бұл тек ғашықтардың

құшақтасуына қатысты емес.

XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап ғалымдар адамның жүйке жүйесінде кездесетін эндорфин атты химиялық затты зерттей бастады. Эндорфин дегеніміз – ауырсынуды басып, эйфория сезімін шақыратын морфин тәрізді зат.

Жоғарыда аталған зерттеулер құшақтасудың нәтижесінде жүйке жүйесі осы табиғи затты өте көп мөлшерде бөлетіндігін дәлелдеп отыр.

Жақындарының жанында екенін сезбеген кезде адам шыннайы өмірмен байланысын үзеді.

Адамның терісінде сыртқы ортаға жауап беретін мидың белсенді бөлігі бар. Егер баланы еркелетіп, құшақтамаса, миының осы бөлігі жансызданып, иммундық жүйесі зардап шегеді.

Кішкентай кезімізде ата-анамыздың жылы алақаны мен құшағы біздерге сүюді үйретеді. Ал 7 жасқа дейін туғандарынан қамқорлық көрмеген бала сүюді не екенін білмей қалуы мүмкін.



Олардан психологиялық ауытқуы бар, айналасындағыларды жек көретін, лаңкес сынды адамдар қалыптасады.

Будан өзге бір-бірін сирек құшақтайтын қоғам агрессивті болады екен. Осыған байланысты нейробиолог Джеймс Вильям Прискот еке-шешесі қолына алып, маңдайынан сүймеген балалар болашақта адам өлтіруге бейім келетіндігін айтады.

- құшақтасу иммундық жүйені қалпына келтіреді;
- орталық жүйке жүйесін ынталандырады;
- тыныш ұйқыны қамтамасыз етеді;

- күш-қуат береді;
- жасартады;
- күйзелістен арылтады;
- гормонның окситоцин көлемін ұлғайтады;
- қан қысымын төмендетеді;
- жүрек ауруларына шалдығу қаупін төмендетеді;
- гемоглобин деңгейін көтереді;
- иммунитетті күшейтіп, кез келген аурудан сауықтырады;
- адамның өзін дұрыс бағалауына септігін тигізеді;
- ішкі қорқыныштан арылтады;

Ежелгі Шығыс жазбаларында құшақтасу адам баласына ең керекті іс-әрекет ретінде сипатталады. Оның адамды емдеп, жасартатын ерекше қасиеті де бар екен. Айналамыздағы барлық тірі жан иесі қамқорлыққа зәру. Сондықтан ата-әжемізді, ата-анамыз бен балаларымызды, сүйіктімізді құшақтауды ұмытпайық!

## Табиғат таңғажайыптарына байланысты ұлттық ұғымдар

Қыркүйек – күзем айы, күздің басы. Қыркүйектің соңғы онкүндігінде күн суып, жауын басталып, күз келеді. Халық аузында күздің бірнеше атауы бар:

Мырза (жомарт) күз – дәмді дақылдар мен жеміс-жидектер пісіп молшылыққа кенелген кез.

Сары (алтын) күз – жапырақтар сарғайып, түлеген кез.

Жылауық күз – салқындаған, жауын-шашынды ылайсаң шақ.

Қоңыр күз – қара суық түсіп, күн бұлыңғырланар кез.

Қара күз – күн бұлыңғырланып, қара суық түскен кез.

Боқырау – суық түсіп, қар



жауған кез, күздің соңғы айы.

Айдың ортасына қарай, күн едәуір салқындап, жауынға ұласып, түнде шөп басына біраз шық түскенімен, күндіз шуақты күндер болып тұрады. Мұндай жылы мезгілді «Мизам шуақ» деп атайды. Қыркүйектің 23-інде күн мен түн теңелетін күн. Мал баққан ел, «Сүмбіленің суы жүріп пе?» деген. Сол күні жанбыр жа-

уып өткен жердің көдесінің түбі көгеретін болғандықтан, қыс кезінде жылқыларды сол жерге тебіндеуге жаятын болған.

Қыркүйектің алғашқы күндері күн күркіресе, күз жылы, жауынсыз жылы болса, күз түсетінін, жидек өнімді болса, күз ылғалды, өнімсіз болса, құрғақ болатынын, күн райы құрғақ әрі жылы болса, қыстың кеш түсетінін болжауға болады.

Тағы бір есте болатын жағдай, бұл айда ағаш жапырақтары ерте түссе, қыс та ерте түспек, ал жапырақтар түгел түспесе, қысқы күн райы бір қалыпты, қайың мен

өмен жапырақтары тегіс түсіп қалатын болса, қыс қаһарлы болмақ. Қайың жапырақтары жоғарғы бұтақтардан бастап сарғайса, көктем ерте келіп, төменнен бастап сарғайса, кеш келетінін де білген жөн.

Көктеректің жапырақтары тегіс жазылса, қыс суық, ішкі беті жоғары қарай бүріссе, қыс жылы болатындығын, осы айтылғандардың орта деңгейінде болса, қыс қолайлығын көрсетеді. Айдың ортасында күн бұлыңғыр болса, күн жауын-шашынды, ал ашық болған болса, жайма-шуақ күн болады деп күтуге болады.

## УАҚЫТТЫҢ ҚАДІРІ



Ах, как мы мало время бережём!  
Нет, это я не к старшим обращаюсь.  
Они уж научились. Впрочем, каюсь, -  
Кой кто позднеюк вспомнил и о нём.  
И лишь порой у юности в груди  
Кипит ключом беспечное веселье.

Ведь времени так много впереди  
На жизнь, на труд и даже на безделье.  
Пусть будет весны, будет соловьи,  
Любите милых горячо и свято,  
Но, всё же, в труд идите, как в бой.  
Творите биографии свои,

Кез келген нәрсе белгілі бір уақытпен санасып, нақтылы бір өлшемдермен белгіленеді. Сол өлшемдердің бірі адамның өмірге келуі, ер жетуі, қартайып, дүниеден озуы.

Өмір бейне жел өтіндегі шырақ тәрізді. Әр адамның жарық күні санаулы, мөлшерлі.

Шын мәнінде, уақыт бізге емес, біз уақытқа тәуелдіміз. Өйткені уақытты біз қалаған кезімізде ұзартып, қалаған кезімізде қысқарта алмаймыз.

Уақыттың өлшемі – Ұлы Жаратушының құзырындағы мәселе.

Сонымен қатар әр нәрсенің ақыры, түгесілетін кезі бар. Адамның қолындағы байлық күндердің бір күнінде саусақтан аққан су тамшысындай ғайып болатыны секілді талайды тамсандырған сұлулардың жүзіндегі сұлулық та жылдар өте қатпар-қатпар әжімге айналады.

Пайғамбарымыздың асыл сүннетінде адам ғұмырының қалайша өткендігі жайында қияметте ауыр есепке тартылатынын ескерткен.

Қияметте адам баласы жауап беретін негізгі төрт сұрақтың екеуі уақытқа байланысты.

## 36-қадам: кешіре біліңіз – бақытты өмір сүресіз

Бақытты ұзақ өмір сүргің келеді ме? Онда кешіруді, түсінуді, үндемеуді, керек жерінде айтуды және жай ғана сүюді үйрен!

Кешіре білу – адамның жақсы қасиетінің бірі. Небір түрлі адамдар бар түріңе күліп тұрып, артыңнан қатырып кететін. Бұндай адамдарға ренжисін, ал істеген іс-әрекеттері адамшылыққа жат. Бірақ бақытты өмір сүргіңіз келсе, кешіре біліңіз.

Бірде шәкірті ұстазына айтты: «Сіз үнемі көңілді жүресіз. Ешкімге ашуланбайсыз, ренжімейсіз. Менің де сіз сияқты болғым келеді. Көмектесіңізші».

Шәкіртінің өтінішіне келісім берген ұстазы картоп пен қалта әкелуін бұйырыпты да былай депті: «Егер біреуге ашуланып, ызаланып, ренжісең бір картопты ал да соған ренжіткен адамның атын жаз».

«Сол-ақ па?» - дейді шәкірті.

Сонда ұстазы тағы былай депті: «Жоқ, сол қалтаны үнемі өзіңмен бірге алып жүруің керек. Біреуге ренжіген сайын бір картоптан қосып отырасың».

Шәкірті келіседі. Біраз уақыт өткен соң қалтасы картопқа толып, өзімен бірге алып жүру қиындайды. Алғаш салған картоптары шіріп, саси бастайды. Шыдамай кеткен шәкірті ұстазына келіп: «Ұстаз, мына қалта ауыр болып кетті. Әрі шірігендерінің сасық иісіне шыдау мүмкін емес. Ашуланбаудың басқа жолын үйретіңізші», - дейді.

«Мұны саған не үшін істеттім? Біреуге ренжіген сайын ішкі жандүниенде де осы құбылыс болады. Жүрегің ауырлап, таза ниетің бұзылып, жаман ойларың саси бастайды. Оны сен байқамауың мүмкін».

Бірақ, ісің – әдетке, әдетің – мінезге айналады. Біреуге ренжімес бұрын не біреуді ренжітпес бұрын «үнемі өзіңмен бірге артық жүк арқалап жүру» керек пе, керек емес пе, ойлан», - депті ұстазы.

Бұл мысалдан түйетініміз: адам баласына өкпелеу бұл тек сізге ауыртпалық әкеледі. Сол үшін де бақытты өмір сүргіңіз келсе, өкпелемеуді үйреніңіз.

Бегімхан КЕРІМХАНҰЛЫ,

М.Әуезов атындағы ЖОББ мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Павлодар қаласы  
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі



№№19-20

(326-327)

от 31 октября  
2020 года

Сәлем, достар! Менің есімім – Ерболат Даяна, мен Абай атындағы гимназияның 8 «Б» сынып оқушысы, әрі білім ордасының президентімін. Менің ұраным – «Болашақ бүгіннен басталады». Оқырмандарға өзімнің қалай президент болғаным туралы жазып отырмын.

Алдымен, өзім туралы айтып кетейін. Карантинде мен өз-өзімді белсенді түрде дамыта бастадым, себебі менің барлық салада сауатты болғым келді. Маған бәрі қызықты еді, өзімді барлық жерде сынауды бастадым. Мен медитациямен айналыстым; түрлі тағам дайындауды; француз, корей, тіпті түрік тілдерін үйрене бастадым; таңертең жүгіріп, қиын кітаптар оқуды, басқа да нәрселерге үйрендім. Өзімді дамыта келе, қығышушылығым пайда болды. Қазіргі таңда кондитер бұйымдарын дайындап, ағылшын тілін тереңдетіп оқимын. Өз-өзімді дамытуды, жаңа нәрселерді

үйренуді жалғастырамын. Менің ойымша, осы тәжірибенің арқасында, мен ой-санамды өзгерткендіктен, гимназия президенті атандым. Өз қорқынышымды жеңіп, көп жұмыс істедім, - компьютер алдында ұзақ уақыт бойы отырып, интернеттегі үміткерлердің бағдарламаларын зерттедім. Маған қолдау көрсетіп, көмектескен команда құрып, жетістікке жеттім.

Ал енді мен өзімнің бағдарламам туралы айтатын болсам.

Мен өзімнің @llpresidentll атты аккаунтыма көптеген қызықты ақпаратты орналастырамын, білгенім туралы жазамын. Интернетте жуырда қандай вебинар, марафон және курстар болатынын, пайдалы инстаграм-аккаунттар, және т.б. туралы жазамын. Мұның барлығы - біз жаңа нәрселерді үйреніп, дамуымыз үшін жасалады. Себебі, карантин бізге идеяларымызды жүзеге асыруға, өзімізді дамытуға және өз әлеуетін ашуға тамаша мүмкіндік береді!

Мектебіміздегі маңызды, әрі өзекті мәселелердің бірі – қыздардың шалбар киюі. Киімдердің қоятын орында дайындау. Оларды бір жерде жоғалтпай қалдыру – қиындық тудырды. Сондықтан, мен барлық күшімді салып, оны шешуге тырысамын.

Экологиялық тәртіптің мәдени дамуын жетілдіру. Қайырымдылық қорды, волонтерлердің ұйымшыл, белсенді ұжымын құруға тырысамын. Егер сіз мені президент етіп сайласаңыз, біз балалар үйінің тәрбиеленушілері үшін балалар кітаптарын, ойыншықтарын жинау сияқты қайырымдылық акцияларды ұйымдастырамыз.

Макулатура жинау. Әр тоқсанның соңында оқушылар көп қажетсіз дәптерлер жинақталады. Біз оларды қоқысқа лақтыру арқылы Жерге зиян келтіреміз. Мен барлық қағаздарды жинап, оны арнайы қабылдау орындарына тапсыруды ұсынамын.

Пластик алып тастау. Пластик алып тастау қажеттіліктердің қақпақтарын жинау.

Макулатура тапсыру арқылы жиналған ақша қайырымдылыққа жұмсалады, ал қақпақтар Павлодар қаласының «Клуб добряков» ұйымына тапсырылады.

Салауатты өмір салтын насихаттау. Әр сенбі сайын өткізілетін қосымша спорт секцияларын құрамыз. Волейбол, футбол, баскетболдан мектеп чемпионаттарын ұйымдастырамыз. Дене шынықтыру сабақтарына жауапты қарау керек, біздің сабаққа қатысып, жаттығуымыз қажет. Біз көңілді спорттарды, ата-аналардың қатысуымен өтетін жарыстарды жиі өткізуді жоспарлап отырмыз. Сол кезде біз жарыстарға қатысып, жеңіске жетуді бастаймыз!

Менің оқушылардың мамандық таңдауына көмектесу туралы идеяларым бар. Әр тоқсан сайын ата-аналарды, түрлі мамандықтағы адамдарды кәсіби бағдарлау жұмыстарын жүргізуге шақырамыз.

Мектеп мүлкінің бүлінуіне жол бермеу.

Себебі, мектеп-бұл біздің екінші үйіміз, ол да өзіне ұқыпты қарауды талап етеді. Әрбір ой-пікірдің естілуі қажет. Сондықтан, біз мектебімізде сіздің тілектеріңіз бен ұсыныстарыңызға арналған



пошта жәшігі мен хабарландыру тақтасын орнатуға тырысамыз. Әр екі тоқсан сайын қызықты флеш-моб өткіземіз.

Оқушылардың көбі дауысын маған берді, себебі мен бағдарламамда мектебіміздің өзекті мәселелерін көтердім, мені мектебіміздің, еліміздің болашағы алаңдатады. Бұл үлкен жауапкершілік; сіз қатысуға міндетті қосымша іс-шаралар, бұл – сіздің бүкіл бағдарламаңызды, жоспарларыңыз бен идеяларыңызды жүзеге асыру. Сайлауға түсуден бұрын сіз осының бәріне дайын екеніңізді түсінуіңіз керек. Сіз жауапты, мақсатты, сабырлы және бәсекеге қабілетті болуыңыз керек, бірақ сіздің «қарапайымдылық» және «ізгілік» сияқты қасиеттері де ұмытпауыңыз керек.

Есіңізде болсын, барлық нәрсені жүзеге асыруға болады, бұл тек сізге, сіздің ықыласыңызға байланысты, біздің үнемі өз-өзімізді дамытуымыз қажет және де ең бастысы бұл – БОЛАШАҚ БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ!

**Ерболат Даяна**  
**Дарынды балаларға арналған**  
**Абай атындағы гимназияның**  
**8 «Б» сынып оқушысы**

## БІЗ НЕГЕ ТҮС КӨРЕМІЗ?



Өлбетте, түс – біздің ағзамыздағы ең бір беймәлім процестердің бірі. Бір қарағанда, ұйықтап жатқан кезде адам ағзасындағы қозғалыс толықтай тоқтайтындай көрінеді, алайда біздің миымыз бұл кезде өте белсенді жұмыс істеп жатады. Ұйқы кезінде денеміз өз күшін қалпына келтіріп қана қоймай, түс көріп те үлгереді. Түс көру кезінде біздің ағзамызда не болып жатады? Неліктен біз түс көреміз? Оның мәні неде? Осы сұрақтардың жауабын іздеп көрейік.

Ұйқының екі түрі бар: «жылдам» және «баяу». Баяу дегеніміз – қалыпты, қарапайым ұйқы болса, жылдамы – түс көретін ұйқы.

Бәрі «баяу ұйқыдан» басталады. Мұндай ұйқы 4 кезеңнен тұрады және олардың әрқайсысында ағзамызда түрлі өзгерістер орын алып отырады. Мәселен, бірінші кезеңде ұйқыға кету процесі жүреді: қалқып бара жатқандай әсерде боламыз, кейде селк ете қаламыз. Физиологиялық тұрғыда бұлшық ет белсенділігінің

төмендеуінен және көздің баяу қозғалуынан көрініс табады. Екінші кезеңде терең емес ұйқы келеді. Бұл кезеңгі ұйқы уақытының жартысынан астамы кіреді. Осы уақытта жүрек соғысы баяулап, дене температурасы төмендейді. Сондай-ақ бұлшық ет белсенділігі одан әрі азаяды. Үшінші және төртінші кезеңдерде терең ұйқы келеді: ағзаның физикалық тұрғыда демалуының негізгі кезеңдері.

Терең ұйқы болмаса адам шаршаңқырап оянады. Физиология деңгейінде қанның бұлшық еттерге баруы, бойды өсіру гормондарының бөлінуі секілді процестер жүреді. Осындан соң «жылдам ұйқы» келеді. Адам тек осы кезеңде түс көреді.

Жылдам ұйқының функциясы әлі күнге дейін толықтай анықталмаған. Қалыптасқан түсінік бойынша, ол миымыздағы ақпаратты реттеу үшін қажет. Мысалы, америка ғалымдарының зерттеуінше, адамның сергек кезінде байқалатын жүйке импульстары ұйқы кезінде жеті есе белсенді түрде байқалады. Ғалымдардың пайымдауынша, бұл күндізгі әсерлерді естелікке айналдыру үшін қажет.

Тәжірибе авторларының ойынша, бұл процесс ақпаратты қысқа мерзімді жадымыздан, ұзақ мерзімді жадымызға ауыстырады. Сонымен қатар, жылдам ұйқы кезінде көз қозғалысының артауы, қан қысымының өсетіні,

қанның миымызға ағылып келуі және жүрек соғысы мен тыныс алудың тұрақсыз жиілігі байқалады.

Адам ұйқысы баяу және жылдам ұйқы фазаларының ауысуынан тұрады. Өз кезегінде, баяу және жылдам ұйқыдан құралған жұп ұйқы циклін құрайды (ұзақтығы 90 минут). Ұйқының жалпы ұзақтығына қарай қалыпты ұйқы 4-6 циклден тұрады. Егер ояну циклінің соңына келсе адамның ұйқысы қанық болады.

Ұйқының негізгі міндеті – ағзамыздың тынығуын қамтамасыз ету. Ұйқы ақпараттың



өңделуіне септігін тигізіп, ағзадағы зат алмасу процесінде үлкен рөл атқарады, сондай-ақ иммунитетімізді қалпына келтіреді.

### Түс нені білдіреді?

Біз көретін түсті үш түрге бөлуге болады. Алғашқысын «тұрмыстық» деп атайды. Мұндай түстерде адамдар әдетте өзінің

өмірлік проблемаларын көріп, оларды шешуге тырысады. Түстің екінші түрін символикалық түс дегуге болады.

Адам бұл жағдайда әртүрлі зат түрінде символдар мен белгілерді көреді. Мұндай түстерде адамдар көбіне шын өмірде оларға тән емес жасап жүреді. Түстің үшінші бір түрі – аян. Мұндай түс көретіндер сирек кездеседі. Мұндай түстер адамға онымен немесе басқа адаммен болашақта не болатынын көрсетеді.

Символикалық түстерге назар аударған жөн. Өйткені ұйқы кезінде миымыз елеулі мәселелерді шешуге тырысып, дайын жауаптар береді. Бәлкім, дәл осы символикалық түстер арқылы ол бізге бірнәрсе айтқысы келетін шығар.

Мұндай түстер не мағынаны білдіретінін анықтау үшін адамдар жүздеген жылдар бойында түс туралы бақылау жүргізіп, ондағы ұғымдарға жалпылама түсініктер жасап шығарды.

Бүгінде бұл бақылау нәтижелері бәріне бірдей қолжетімді.

**өзірлеген**  
**Бегімхан КЕРІМХАНҰЛЫ**  
**М.Әуезов атындағы ЖОББ**  
**мектептің қазақ тілі мен**  
**әдебиеті мұғалімі**  
**Павлодар қаласы**  
**Қазақстан Журналистер**  
**Одағының мүшесі**



№19-20

(326-327)

от 31 октября  
2020 года

**Қазан.** Кейбір авторлардың айтуынша бұл айда соғым сойыла бастайды, бие ағытылады. Қымыз болмағандықтан, жұрт етке қарайды (ертедегі қазақтардың тамағы, негізінен алғанда, сүт пен ет тағамдары болған), сондықтан қазан деп аталған. Бірақ бұл қисынсыз сияқты, өйткені қазан басқа айларда да асылады.

«Қазан» сөзінің қазақ тілінде бірнеше мағынасы бар: қазан – ауыртпалық. «Қамбар батырда» қазан атыққа барамыз» деген сөйлем бар. «Қазан ат» – жауға мінетін ат. Қазан – ас пісіретін ыдыс. Қазан – үзеңгінің бір түрі (ертеде әскери үзеңгі болу керек). Қазан – шолақ зеңбірек. Қазан мен қаза – өлім. Бұларға қарағанда ерте кезде осы айға сәйкес бір уақытта халықтың есінде қаларлық үлкен, қырғын соғыс болуы да мүмкін.

Шындыққа жақын болжамдардың бірі мынадай. Қазан айында жыл құстары қайтып кетеді де, Қазақстан мен Батыс Сібірде қарға, құзғын ғана қалады. Ертеде «құзғын» сөзі «құзан» түрінде айтылған (мы-



салы, «хан» сөзі – «қағанның» өзгерген түрі). «Қазан» атауы осы «құзаннан» шыққан болуы керек, өйткені бұл айды чулым татарлары «құзғы айы» дейді, барабалықтар «күзіген айы» дейді. Чулымдықтар да, барабалықтар да – Қазақстанға іргелес, Сібірдегі түркі тілдес халықтар.

Қазан айында егін жиналып, бау-бақша жұмыстары аяқталады. Түн суиды. Пісіп үлгермеген көк егін болса, оны бозқырау соғып, үсітеді. Ондайда қазақтар «қазан ұрды» дейді.

**Қараша.** Б.А.Куфтиннің түсіндіруінше бұл айды жер қара

топырақ болып қалады, жаздай малдың тұяғы таптаған өріс тозады. Абай тілімен айтқанда, бұл кез:

Күзеу тозған,  
оты жоқ елдің  
маңы,

Тұман болар,  
жел соқса, шаң-  
тозаңы.

Қараша айында туған балаларға да «Қараша» деген ат қойылған. Ақан серінің өлеңдерінде:

Қарауылмын, Есенбай –  
Қарашамын,

Алтын бесік халқыма жарасамын, –

дейтін жолдар бар. Қараша атауына басқаша түсіндірме де ұсынуға болады.

Ертеде хан тұқымдары мен ірі феодалдардың «ақ сүйек» деп, еңбекшілердің «қара сүйек» деп, «қара бұдын» деп аталғаны мәлім.

VII-XVIII ғасырларда осы айда салық жинаған. Салық «хараж»

аталған. Диқандар астықтай, көшпелілер малдай төлеген. «Қара мал» деген атау – осы харажға берілетін мал деген сөз. Саудагерлер салықты ақшадай не бағалы заттай төлеген. Осы күнгі қаржы, қаражат (харажи зат) сөздері содан қалған. Салықты төлей алмаған кедейлер қатты жазаланған – күндері «хараң» болған. Хараж салығының халықты зор күйзелушілікке ұшырататынын Бируни толық сипаттаған. Бұл деректерге қарағанда қараша – хараж айы, яғни жылдық салықты төлеп бітіретін ай деуге болады. Ұсақ әкімдер ханның қарашысы аталған. Олар – ханға харажды жинаушы агенттер, қабылдаушылар, яғни харажшылар.

Вавилон мен Римде де салық төленетін осындай айлар болған.

*жиған-терген*

**Бегімхан КЕРІМХАНҰЛЫ**

**М.Әуезов атындағы ЖОББ мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі**

**Павлодар қаласы**

**Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі**

## Қазақтың ұмыт бола бастаған дәстүрлері



### Үме

Қазақстанның кей жерлерінде, көбіне маусымдық шөп шабу кезінде үмеге шақыру дәстүрі болған. Көмекке келгендерге берілетін ас «үме» деп аталған. Үмеге жақын туысқандар да мал беріп, қымызын әкеліп, тағы басқа көмек көрсеткен. Үме кезінде ұйымдастырушылар тарапынан шөп шабындығына үй тігіледі де, ас әзірленеді. Ас ішіліп, желінгеннен кейін аяқ жағы той-думанға

ұласқан. Кейде үлкен үмелерде жігіттер күреске түсіп, қара жарыстар ұйымдастырылған. Үме кезінде әркім өз өнерін көрсетуге тырысқаны ел арасындағы «Үмеге келген үндемей қалмайды» деген сияқты мақалдар айғақтайды.

### Сірге мөлдірету

Күздігүні бие ағытардағы ақырғы қымызға көрші-қоланды шақыру кәдесі. Бие ағытар күні берілген қымызды «сірге



мөлдіретер» дейді. Бұл дәстүрді өткізу үшін ауылдың ақсақалдары және аналары шақырылады. Ал олар риза болып, алғыс айтады, бата береді. Кейбір аймақтарда бұл дәстүрді басқаша «сірге жияр» деп те атайды.

### Бәсіре

Шаңырақта ұл бала дүниеге келгенде сол күндері туған құлынды немесе ботаны «нәрестенің бәсіресі» деп атау

салты болған. Қазақ халқының ұғымында дүниеге келген баланың болашағы өзіне атаған бәсіремен тығыз байланысты. Сондықтан оны мінбейді, сатпайды.

Бәсіре мүмкіндігінше жүйрік, жорға болғаны дұрыс. Бәсірені баламен бірге қадағалайды, бұла қып өсіреді.

Қазақ халқы бәсіресі бар баланың да есейе келе малға деген ықыласы, пейілі түзу болады деп пайымдаған.

## Нанға қатысты тыйымдар мен ырымдар



Нанды шашуға, жерге тастауға, басуға, рәсуа етуге болмайды. Нан – дәм басы, онсыз өмір жоқ. Сондықтан да дастарқанға алдымен нан қойылады. Жерде жатқан нан болса, алып, адам баспайтын жерге қою керек.

Таңертең нан ауыз тимей үйден шығуға болмайды. «Асығыспын, нан ауыз тиейін», «Ең құрыса, нан

ауыз ти» деген сөздер бекер айтылмаған.

Нанды төңкеріп қоюға болмайды. Нан – қасиетті дәм. Онымен ойнауға болмайды. Нанды бір қолмен сындыруға болмайды. Кемтар адам ғана нанды бір қолмен сындырады.

Нанды басып, Құранды алуға болмайды, ал аяқтың астына Құранды қойып, нанды алуға болады.

### әзірлеген

**Бегімхан КЕРІМХАНҰЛЫ**  
**М.Әуезов атындағы ЖОББ мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі**  
**Павлодар қаласы**  
**Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі**

## НӘЗІР



Нәзір /салт, ырым/. Күрделі жұмыс бастағанда (мысалы, егін салғанда, су келтіру үшін арық қазғанда, үй салғанда) бұрын әр адам «Тәңірім, ісімді оңдай көр» деп «нәзір» жасаған.

«Нәзір» дегеніміз ауылдас адамдарын шақырып, бір малын сойып, өзінің бастағалы отырған ісінің мәнжайын айтып, аруақтарға дұға оқытып, көпшіліктен бата тілейді. «Көп тілегі – көл» дегендей жиналғандар оған «Алла риза болсын», «тілегің қабыл болсын», «ісің оңға бассын» деген сияқты ізгі, баталы, аталы сөздерін ай-

тып ризалық көңілдерін білдіреді. Өзінің әр ісіне ыждағатпен, сеніммен, шын берілгендікпен қарайтын халықтық осы ізгі жол ұлтымыздың жақсы дәстүрі мен әдеп-салтының қасиетін айқындай түсетін тағы бір елдік нұсқа.

### әзірлеген

**Бегімхан КЕРІМХАНҰЛЫ**  
**М.Әуезов атындағы ЖОББ мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі**  
**Павлодар қаласы**  
**Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі**





№№19-20

(326-327)

от 31 октября  
2020 года

## Былғары киім

Бұрын былғарыдан жасалған киімді байкерлер, рок-н-ролл орындаушылары ғана киетін. Қазір мұндай киім сән подиумдарының төрінен айрықша орын алады және талғампаз жандар таңдайтын образына да кіреді.

Дизайнерлер келер жылдың көктемінде де былғары сәнде болатынын айтады. Тіпті бастан-аяқ былғары киім киюді де ұсынып отыр. Қазір былғарыдан пальто, куртка, шалбар, сарафан, бас киім, көйлек, белдемше, комбинезон да тігіледі.

ойлағаннан бұрын аяқ киімнің матасына, түсіне мән берген дұрыс. Себебі күз және қыс – суық әрі ылғалды маусымдар. Сапалы аяқ киім кимесеңіз, тез ауырып қалуыңыз мүмкін.

өзін, қыста жемпірдің ішінен киюге болады.

Материал <https://baribar.kz/> сайтынан алынды

## Total look

2020-2021 жылдағы сән трендіне total look стилі де кіреді. Әдетте бұл стильді фантазияны қажет етпейтін сән үлгісі деп жатады. Оның ерекшелігі де осы: белдемше мен жейденің түсі немесе пальто мен етіктің түсі үйлесе ме, жоқ па деп



## Клеш джинс шалбар

Клеш джинс шалбар – ұзақ жылдар бойы сән тренді қатарынан түспей келе жатқан киім үлгісі. Оны 19 ғасырда матростар, 1960 жылдары хиппилер киген. Бүгін бұл шалбар әйелдер арасында да сәнге айналды. Дизайнер биыл клеш джинс шалбар таңдау кезінде оның классикалық көк түсіне және макси ұзындығына мән берген жөн дейді.

алаңдамайсыз. Себебі total look – бастан аяқ бір түсті немесе бір брэнд яки дизайнердің киімін кию.

Бермуд қысқа балақты шалбар Тізеге дейінгі ұзындықтағы кең балақты шалбар кеңсе үлгісіне де, күнделікті киім үлгісіне де келе береді. Былғары немесе деним түрін алуыңызға болады.

## Oversize

Дизайнер денеге жабыспайтын, кең худи, жемпір немесе көйлек киюге кеңес береді. Oversize стиліндегі көйлектердің матасы жеңіл әрі жұқа болғаны абзал. Себебі күзде көйлектің

## Ұзын етік

Мұндай аяқ киім сәнді болуымен қатар жылы екенімен де қуантады. Қонышы ұзын етікті қандай киіммен үйлестіруді





№19-20


(326-327)

от 31 октября  
2020 года

В нынешнее время актуальными стали темы агрессии в интернете, поскольку при дистанционном обучении подростки все больше времени проводят за компьютером.

«Кибербуллинг» называется использование силы или влияния, прямо или косвенно, в устной, письменной или физической форме, либо путем демонстрации или иного использования снимков, символов или чего-либо другого в целях запугивания, угроз, травли, преследования или смущения при помощи интернета или других технологий, к примеру, мобильных телефонов.

Основные признаки того, что ребенок или подросток стал жертвой кибербуллинга:



Он изменился в настроении, напуган, встревожен, в том числе: стал грустнее, старается избегать общественных мероприятий, походов в спортивные секции, стал использовать свои мобильные устройства не так часто, как раньше, стал реагировать негативно на звук новых сообщений, изме-

нилось его поведение.

Что делать, если ваш ребенок стал жертвой кибербуллинга? Объясните детям, что общаясь в интернете, они должны быть дружелюбными с другими пользователями, ни в коем случае не писать грубых слов – читать грубости так же неприятно, как и слышать.

Научите детей правильно реагировать на обидные слова или действия других пользователей. Не стоит общаться с агрессором и тем более пытаться ответить ему тем же. Возможно, стоит вообще покинуть данный ресурс и удалить оттуда свою личную информацию, если не полу-

чается решить проблему мирным путем. Если ребенок стал жертвой кибербуллинга, помогите ему найти выход из ситуации. Практически на всех форумах и сайтах есть возможность заблокировать обидчика, написать жалобу модератору или администрации сайта, потребовать удаления странички.

Объясните детям, что нельзя использовать сеть для хулиганства, распространения сплетен или угроз.

Старайтесь следить за тем, что ваш ребенок делает в интернете, а также следите за его настроением после пребывания в сети.

**Жантимова М.Ж.,**  
заместитель директора  
по ВР Береговой СОШ района  
Тереңкөл

## День психического здоровья



Психическое здоровье – это основа качества жизни и социальной активности каждого человека в отдельности и всего общества в целом. Ежегодно 10 октября при поддержке ВОЗ в мире отмечается День психического здоровья с целью пропаганды здорового образа жизни и профилактики заболеваний по проекту «Школа, способствующая укреплению здо-

ровья». Психологом школы-лицей был проведен игровой марафон «День веселого настроения» для 1-2 классов. Малыши с удовольствием играли в игры «Передай улыбку», «В магазине игрушек», «Кот и мыши» и другие. Ребята 3-4 классов проявили творчество и фантазию в арттерапии «В мире здоровья». Третьеклассники на-

рисовали вирус, который охватил всю планету.

В онлайн режиме проведена беседа «Мы дети с планеты здоровья». Учащиеся среднего звена познакомились с понятием здорового образа жизни, определили составляющие здоровья, прослушали притчу «Все в твоих руках!» Мораль притчи такова: ваша жизнь и ваше здоровье в ваших руках.

Старшеклассники стали активными участниками форума «Что такое психическое здоровье?» Учащиеся обсуждали вопросы психического здоровья: рост суицидальной активности в подростковом возрасте, стрессы и стрессоустойчивость и т.д. Проведена онлайн встреча психолога с родителями учащихся на тему: «Психическое здоровье детей и подростков». Родители получили полезную информацию о том, как

сохранить психическое здоровье взрослых и ребенка, как взаимодействовать со своим ребенком, как найти ключи к пониманию друг друга, как правильно разговаривать с подростком. Для детей самым главным является присутствие родителей, внимательное отношение к эмоциональным потребностям ребенка и предоставление большей самостоятельности и независимости.

Во Всемирный день психического здоровья желаем всем научиться сохранять всегда покой и уверенность в себе, проявлять лишь добрые эмоции и искренние чувства, ценить моменты радости, которыми наполнена жизнь.

**Галиуллина**  
**Рузалия Раифовна,**  
психолог, учитель  
«Самопознания»  
Школа-лицей г.Аксу

## Правила на руке

Много интересного можно увидеть, если внимательно присмотреться к своим рукам. Две руки – это десять пальцев.

Десять пальцев – это ... все части речи.

Начнем с левой руки.

Мизинец – это имя существительное, безымянный – имя прилагательное, средний – имя числительное. Итак, три «имени» позади.

Указательный – местоимение (указывает на что – то, но не называет). Большой – глагол (он самый подвижный, действующий, живой).

